

Өнеркәсіптік авариялардың трансшекаралық әсері туралы конвенцияның (Хельсинки, 1992 жылғы 17 наурыз) мақсаттары үшін құзыретті органдар мен бірыңғай байланыс пункті ретінде белгілеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 13 желтоқсан N 1634. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 21 маусымда № 364 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 21.06.2016 № 364 қаулысымен.

Өнеркәсіптік авариялардың трансшекаралық әсері туралы конвенцияның (Хельсинки, 1992 жылғы 17 наурыз) 17-бабын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1 . М ы н а л а р :

- 1) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі мен Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі өнеркәсіптік авариялардың трансшекаралық әсері туралы конвенцияның (Хельсинки, 1992 жылғы 17 наурыз) мақсаттары үшін құзыретті органдар;
- 2) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі көрсетілген конвенцияның мақсаттары үшін бірыңғай байланыс пункті ретінде белгіленсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.09.12. N 922, 2006.04.28. N 340 қаулыларымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі